

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі Ғылым комитеті Т.Қ. Жұргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының жанындағы (PhD) философия докторы дәрежесін беру жөніндегі 6D040000 – Өнертану диссертациялық көнесі бекіткен ресми пікір булдіруші, PhD докторы, Халықаралық білім беру корпорациясының аға оқытушысы, академиялық сұраптар бойынша декан орынбасары Иманбаева Жанерке Асхатовнаның докторант Еспенова Айгерим Турсыновнаның «Тәуелсіз Қазақстаниң сәндік-қолданбалы өнеріндегі дәстүр мен жаңашылдықтың өзара байланысы мәселелері» атты философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған диссертациялық жұмысына

ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы

Заманауи жаһандану үдерістері біздердің мәдени құндылықтар, рухани құбылыстар жүйесіне деген қарым-қатынасымызды елеулі түрде өзгертуде. XXI ғасырда көптеген әлеуметтік-мәдени нысандарды, құбылыстарды мәдениеттанушылық тұрғыдан түсінуде ғана емес, сонымен қатар халық өміріндегі өнердің орны мен рөлін зерттеу әдістемесінде де елеулі өзгерістер жүріп жатыр. Сондыктan да, қазақ сәндік-қолданбалы өнерінің XXI ғасырда жаңа биікке көтеріліп, жаңа сипатқа ие болуын ескерсек, алғы отырған тақырыптың көкейкестілігі аңғарылады. Сәндік-қолданбалы өнері жылдар өткен сайын түрлі бағытта дами отырып, ұлттық ерекшелігіне байланысты өзіндік даралықты қалыптастыруға, жаңа формадағы сәндік-қолданбалы өнер туындыларының даму тенденцияларын жан-жақты зерттеу мемлекеттік бағдарламалармен үндеседі. Осы орайда ізденуші Айгерим Еспенованаң диссертациялық жұмысы Тұңғыш президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» бағдарламалық мақаласымен тығыз байланысты зерттеу болып есептеледі.

Докторанттың «Тәуелсіз Қазақстаниң сәндік-қолданбалы өнеріндегі дәстүр мен жаңашылдықтың өзара байланысы мәселелері» атты диссертациялық жұмысында сәндік-қолданбалы өнеріндегі дәстүр мен жаңашылдықтың сабактастығы, тарихи даму негіздері мен шеберлер шығармашылығындағы жаңашыл ізденістері көнін зерттелген.

Зерттеу жұмысының ғылыми тұжырымдарында, нәтижелер мен қорытынды жасау барысында алыс және жақын шетел ғалымдарының, қазақ өнертанушылары, мәдениеттанушылары мен философтарының ой-пікірлерін ұтымды түрде пайдаланып, алға қойған ғылыми мақсат, міндеттерінің орындалуына қол жеткізген.

Оның өнертанушыға тән ой қорытуы, өз көзқарасын дәлелдеуге деген талпынысы жұмыстың үш бөлімінен де анық көрінеді. Өзі діттеген мақсатқа жетіп, әр бөлім бойынша білікті талдаулар жасап, нақты ой-тұжырым

білдірген. Қазақ сәндік-қолданбалы өнерінде қазіргі таңда жүріп жатқан үдерісті сипаттап, шеберлердің жаңа ізденістен туындаған шығармаларындағы дәстүрдің трансформациялануын қарастыруы да зерттеудің көкейкестілігін арттыра түседі.

2. Диссертацияға қойылатын «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» талаптары шегіндегі өзектілігі

Диссертация теориялық және тәжірибелік құндылығы бар, өз бетінше дербес орындалған ғылыми еңбек болып табылады. Айгерим Еспенованаң ұсынып отырған зерттеу жұмысының мазмұны, ғылыми деңгейі, рәсімделуі, жаңалықтары мен ғылыми тұжырымдары, нәтижелері 6D041600 – Өнертану мамандығына және Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитетінің Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің талаптарына толық жауап береді. Жұмыстың құрылымы жүйелі, ғылыми және теориялық негізdemелері дәлелді, жаңа ғылыми нәтижелері мен қағидалары бар жұмыс. Алға қойылған мақсаттары мен міндеттері ғылыми тұрғыда толық түйінделген.

Ізденуші А. Еспенова қазақ сәндік-қолданбалы өнерінің заманауи көркемдік шешімдерін талдау, салыстыра суреттеу, ғылыми жүйелеу, герменевтикалық, семиотикалық әдістерін қолдану арқылы мынадай ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:

Бірінші ғылыми нәтиже. Өнердің объектісі ретінде алынған сәндік-қолданбалы өнердің «дәстүр», «жаңашылдық», «сәнді», «қолданбалы» түсініктеріне ғылыми-теориялық анықтама берілген;

Екінші ғылыми нәтиже. Сәндік-қолданбалы өнердің эстетикалық-көркемдік ерекшеліктері қолөнердегі пішін, бейне, материал ретінде қарастырылып, оның көркемдік стильдері айқындалды. Дәстүрдің даму орталығы – эстетикалық, рухани-адамгершілік, ұлттық этикалық құндылықтардың қазіргі заманауи шығармашылықта жаңаша ұғынылуы қарастырылған;

Үшінші ғылыми нәтиже. Дәстүрлі сәндік-қолданбалы өнердегі кеңістік пен уақыт құрылымының көркемдік шешімінің символдық маңызы айқындалған;

Төртінші ғылыми нәтиже. Қазақстанның қолөнерінің дамуы дәстүрлі әдістер мен формалаудагы жаңашыл ізденістердің өзара байланысы арқылы, сонымен қатар сәндік-қолданбалы өнердің дамуының кезеңдері инновациялық ерекшеліктері тұрғысында қарастырылған;

Бесінші ғылыми нәтиже. Тәуелсіздік жылдардағы Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнерінде дәстүр мен жаңашылдық материалдық, көркемдік шешімдеріндегі сабактастығы айқындалды және олардың қазақстан сәндік-қолданбалы өнеріндегі жаңаша тенденциялары ашылған;

Алтыншы ғылыми нәтиже. Қазіргі сәндік-қолданбалы өнері әлемдік тәжірибелерді замануи өнер туындыларына пайдалану және қазақ дәстүрлі өнерді жасаушы жас өнер шеберлерінің туындыларына талдаулар жасалынған.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.

Диссидентант өзге ғалымдар мен зерттеушілердің ой-пікірлерімен шектелмей, өзіндік көзкарасын да білдіріп отыруы, ол пікірлерінің өнертану ғылымина қалыптасқан ортақ ұстанымдарға қайши келмейтіндігі – бұл еңбекті жоғары бағалауға мүмкіндік береді. А.Еспенованаң қол жеткізген нәтижелерінің ғылыми негіздемесі сапалы, өнертану теориясындағы соңғы жетістіктерді біліктілікпен пайдалана білген, әлемдік тәжірибеден өткен жертеу әдістерін жетік меңгерген. Диссертациялық зерттеу сауатты жүргізілген, диссидентанттың баяндау тәсілі жүйелі және түсінікті ғылыми тілде жазылған.

Бірінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы – ғылыми зерттеудің ғылыми методологиялық тұғырнамаларына диссидентант алыс-жақын шетелдің және отандық өнертанушылар мен көркем өнер сыншыларының іргелі зерттеулерін, сондай-ақ, қазак сәндік-қолданбалы өнерінің тарихы мен бүгінгі үдерісін зерделеуге бағытталған отандық ғалымдардың еңбектері алынған.

Екінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы – сәндік-қолданбалы өнерінің эстетикалық-көркемдік бастапқы түрлері бүгінгі күннің ізденістерінің жолын анықтайтын және қазіргі заманғы шеберлердің жана техникалық мүмкіндіктермен қол жеткізген негізгі туындыларын ұсынғаны нақты деректермен дәлелденген.

Үшінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы – заманауи сәндік-қолданбалы өнер туындыларындағы жеке авторлық шешімдер мен ерекшеліктерінің ашылуы, әр шығарма өзіндік интерпретациямен келуі, жаңашыл ізденістері мен ой-тұжырымдарының нәтижелі ықпалын жүйелі әрі дәлелді жазған.

Төртінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы – дәстүр мен жаңашылдықтың сабактастығын кешенді түрде зерттеу арқылы қазіргі шеберлердің жана туындыларда қол жеткізген нәтижелеріне, ал бұл өз кезегінде, сәндік-қолданбалы өнер шеберлерінің шығармашылықтарының шындала тусуіне ықпал ететін нақты талдаулар негізінде көрсеткен.

Бесінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы – ұлттық дәстурлі қолөнер бұйымдары мен шығармаларды жана түрде ұсынып, дәстурлі қалыптан шығарған суретші шеберлердің шығармаларындағы жетістіктері сараланған.

Алтыншы ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы – сәндік-қолданбалы өнер шеберлерінің жылдан жылға көбейіп, әсіресе жас буын шеберлердің сәндік-қолданбалы өнерге ден қойып, жана буын шеберлердің қалыптасып жатқаны зерттелген.

4. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.

Диссидентанттың зерттеу нәтижесінде алынған ғылыми жаңалықтары мен талдауда түйген қорытындылары ғылыми дәлелді. Жұмыстың

кіріспесінде тақырыптың өзектілігі, зерттелу деңгейі, алдына қойған мақсаттары мен міндеттері, деректілік негізі мен ғылыми жаңалығы, теориялық және әдістемелік негіздері, тәжірибелік маңызы мен қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдарын анық, айқын түрде көрсете білген.

Еспенова Айгерим Тұрсыновнаның «Тәуелсіз Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнеріндегі дәстүр мен жаңашылдықтың өзара байланысы мәселелері» атты диссертациясы зерттеудің накты дәлелдемелерінің берілуімен және тұжырымдарды жүйелі негізделуімен ерекшеленеді.

Бірінші тұжырымы – жаңа. Дәстүр мен жаңашылдықтың өзара байланысы туралы теориялық ой қазіргі заманауи көркем үдерісті және беру механизмдерінің жалпы дамуының негіздерін түсінуге, тарихи тәжірибелі, мәдени жадыны, ұлттық көркем ойды және мифопоэикалық корды шығармашылық қайта пайымдауға ықпал ететініне анықтама берген.

Екінші тұжырымы – жаңа. Қазақ сәндік-қолданбалы өнерінің эстетикалық-көркемдік ерекшеліктері формалармен, материалдармен, белгілермен және символдармен байланысты қазіргі заманғы үрдістерді өз бірлігінде ұлттық мәдениеттің өзіндік ерекшелігін айқындаі отырып, заманауи үдерісті анықтаған.

Үшінші тұжырымы – жаңа. Дәстүрлі өнердің кеңістіктік және уақыттық құрылымының көркемдік шешімі, тұрақты бейнелер мен мифомотивтер ұлттық-мәдени дәстүрдің маңызды элементтері болып табылады, бұл оны ұлттық болмыстың қоғамдық құндылығы ретінде сактау мен дамытуға мүмкіндік беретінің дәлелдеп шыққан.

Төртінші тұжырымы – жаңа. Қазақ халқының рухани-материалдық мұрасы Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнерінің дәстүрлерін байытып, заманауи өнердің формальды, техникалық мүмкіндіктерін түсінудің шекарасын кеңейтуге, мифопоэикалық мәнер мен образдарға белсенді және жемісті қарастыруға ықпал ететіні сараланған.

Бесінші тұжырымы – жаңа. Қазақстанның қазіргі заманауи өнерінде дәстүрді шеберлер олардың қызметін шектейтін канон ретінде қабылдамайды, керісінше шығармашылықты игеру, мұралардың түрленуі, туындының формальды әралуандығы мен мағыналық терендігін дамыту үшін негізгі алаңы ретінде қабылдайтыны дәлелденген.

Алтыншы тұжырымы – жаңа. Дәстүр интерпретациясы жаңашыл ізденістерде постмодернистік бейнелілікпен, интертекстуалдықты, дәйексөздікті, бриколажды, деконструкцияны, формалармен ойынды қоса алғанда, сондай-ақ, sustainability және экологиялық жалпы бағыттарымен байланысты қарастырған.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.

Зерттеу тақырыбы, соған сәйкес құрылымы, мазмұны, зерттеу мен салыстыру барысы нәтижелері және жалпы қорытындысы логикалық тұтастығымен, жүйелі сабактастықпен сипатталған.

Ғылыми жұмыс ішкі бірлік пен логикалық байланысты сақтай отырып, үш бөлімнен әр бөлім еki тараушадан, кіріспе мен корытынды, пайдаланылған әдебиеттерден құрылған. Диссертацияның негізгі мәтіні

компьютерлік терілімде 130 бетті қамтиды, ғылыми еңбектер, монографиялар, журналдар мен ғылыми басылымдардан тұратын жалпы саны 156 еңбек пайдаланылған.

Зерттеу жұмысында келтірілген корытынды мен тұжырымдар өзара байланыста, бір мақсатта жұмылдыра отырып дәйектелген. Мәселені жаңа деңгеге көтеру ұстанымдары, қол жеткізген нәтижелерді айқындауы, көркемөнер теориясына қатысты тың байламдарды саралай талдауы мен ішкі бірлігі үйлесімді сабактастықта көрінеді.

Ізденуші тұжырым жасауда теориялық материал мен практикалық материалды ұтымды ұштастыра білген. Әрі ғылыми тұжырымдары жаңашылдығымен, ой өткірлігімен көзге түседі.

6. Изденүшінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселен, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен пайымдаулары дәлелді және көкейге қонымды.

Сондай-ақ, зерттеу барысында жасалған тұжырымдар мен корытындылар заманауи қазақ сәндік-қолданбалы өнерінің даму барысын, жаңа формадағы туындылардың жетістіктерін, жалпы бүтінгі ұлттық өнердің әлемдік өнер үдерісінде алатын орнын анықтауға мүмкіндік береді. Жекелеген шеберлер шығармашылығын зерттегендеге, қазақ сәндік-қолданбалы өнер тарихы мен сыны туралы ғылыми еңбектер жазғанда көмекші құрал ретінде қызмет атқара алады. Зерттеуде ұсынған негізгі тұжырымдарды, ой-пікірлерді жоғары оқу орындарындағы арнаулы курстар мен семинарларда көмекші оқыту құралы ретінде қолдануға болады.

7. Диссертацияның негізгі тұжырымдары, нәтижелері мен корытындыларының жарияланымда расталуы.

Диссертациялық жұмыстың тұжырымдары мен корытындылары, негізгі қағидалары мен нәтижелері ҚР БФМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда және Scopus-тың акпараттық базасына кіретін журналында жарияланған. Сонымен қатар, диссертацияның қол жеткізген негізгі тұжырымдары мен қағидалары халықаралық ғылыми-теориялық және республикалық конференцияларда баяндалған. Жалпы саны 8 ғылыми мақала жарық көрген.

8. Аннотацияның диссертация мазмұнына сәйкестігі.

Аннотацияның күрьшлимы және мазмұны диссертацияның негізгі қағидалары мен тұжырымдарын жан-жағты қамтыған және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің талаптарына сәйкес келеді.

9. Диссертация мазмұндағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің талаптарына сәйкес келеді.

А.Т. Еспенованаң диссертациялық жұмысын қарau барысында келесі сұрақтар туындағы:

1. Қазіргі отандық сәндік-қолданбалы өнер қандай даму кезеңінде?
2. Қазақстанда сәндік-қолданбалы өнер бүйімдарының өнеркәсіптік өндірісте үлкен жетістіктерге жетуге мүмкіндіктері бар ма?

Сонымен қатар, жұмыстың көптеген артықшылықтарына қарамастан, диссертацияда ұсынылған тұжырымдар мен нәтижелерге айтарлықтай әсер етпейтін белгілі бір кемшіліктер бар:

1. Диссертациялық жұмыста әрбір тараудан кейін қысқаша тұжырымдама болуы жөн деп санаймын.

2. Сонымен қатар, диссертациялық жұмыстың толық қанды көркемдігін ашу мақсатында кестелер, диаграммалар және графикалық дизайн әдістерін қолданған абзал.

Алайда, аталған ескертпелер диссертациялық жұмыстың ғылыми маңызына, мазмұндық сипатына нұқсан келтірмейді деп есептеймін. Тек ғылыми еңбек сапасын арттыра түсуге септігін тигізер деген мақсаттағы ұсыныс.

Диссертацияның Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің 2-ші бөлімінің талаптарына сәйкестігі.

Жоғарыда айтылған бірер ескертпелер болмаса, тұтастай алғанда диссертациялық жұмыс КР БФМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің талаптарына сәйкес жазылған.

Тілі жатық, сауатты, айтар ойы айқын жазылған «Тәуелсіз Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнеріндегі дәстүр мен жаңашылдықтың өзара байланысы мәселелері» атты диссертациялық жұмыстың авторы Диссертацияның осы айқындаушы белгілеріне сүйене отырып, докторант Айгерим Еспенована 6D041600 – «Өнертану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

**Ресми пікір білдіруші,
PhD докторы, Халықаралық
білім беру корпорациясының
аға оқытушысы, академиялық
сұрақтар бойынша декан орынбасары**

Ж.А. Иманбаева

Подпись *Нищенко*
Заверяю директор ДЧРД
Нищенко

